

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

көмектеседі. Бұл барлық мұғалімдердің тәжірибесіне аймақтық компонентті енгізудің бұлтартпас себебі деп есептеймін.

Өз өлкесінің тарихын оқып-үйрену, оқушыларды өлкенің тарихи өткеніне баулу, өткен ұрпақтың мәдени-рухани мұраларымен таныстыру тұлғаның сан алуан қырларын қалыптастыруға ықпал етіп, оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне жол ашады. Өлкетану материалының мазмұны жас азаматтарды сол құндылықтармен, әлеуметтік идеалдармен және адамгершілік принциптерімен таныстырады, оларсыз елімізді елестету мүмкін емес: әділеттілік, жеке және ұлттық бостандық, ұлтаралық татулық, отбасылық дәстүрлер, өз үйіне, кішкентайына деген сүйіспеншілік пен адалдық, туған жер мен өз Отаны, ұлт пен мемлекеттің бірлігі туралы қамқорлық, өзін-өзі бағалау және т.б. Туған өлкенің тарихын зерттеу мұғалімге өлкетану материалына сүйене отырып, оқушыларға ата-бабаларымыз үшін осы құндылықтардың мәнін және оларды біздің заманымызда сақтаудың маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Мектептегі өлкетану – оқушылардың туған өлке туралы білімдерін байыту, оған деген сүйіспеншілікті оятып, азаматтық түсініктері мен дағдыларын қалыптастырудың бір көзі. Оқушыларға туған жерінің, қаласының, ауылының ұлы Отанымен байланысын ашып, әрбір қала, ауыл тарихының еліміздің тарихымен, өмірімен ажырамас байланысын, бірлігін түсінуге, араласуын сезінуге көмектеседі. ондағы әрбір отбасының ең жақсы дәстүрлерінің лайықты мұрагері болуды өзінің борышы әрі абыройы деп таниды.

Қорытындылай келе, географиялық білім біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады, бізді қоршаған әлемді жақсырақ түсінуге және негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. Сондықтан географияны зерттеу білім беру мен ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі ретінде ерекше назар аударуды қажет етеді. Өлкетану әртүрлі аймақтарды зерттеу мен түсінуде маңызды рөл атқарады. Ол аймақты әр алуандығымен және күрделілігімен көруге, оның қайталанбас ерекшеліктері мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, өлкетану географиялық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі ретінде ерекше назар аударуды қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Васильев С.В., Кононова Г.А. Формирование образа территории в школьном краеведении // Гео. в школе, №6, 2009.
2. Морозова Г.А. Влияние краеведения на личность ученика // Гео. в школе, №5, 2014. С.15-16.
3. Иванов П.В. Педагогические основы школьного краеведения // Петрозаводск, 2006. С.25-34.
4. Ивановский В.А. Занимательное краеведение // Москва-Ставрополь, 2003.
5. Краеведение: пособие для учителей // М.:Просвещение, 2007. С.35-44

ӘОЖ 372.891

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Таған Әсел Сәбитқызы
taganasel@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Жаратылыстану ғылымдары факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж. И. Инкарова

Мектепте алған білім оқушылардың болашақ жолын айқындайды, гуманистік идеалдарын, құндылық бағдарларын, көзқарастары мен сенімдерін, интеллектуалдық, мәдени, рухани-адамгершілік әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Дегенмен, барлық балалар оқу процесіне бірдей белсенді қатыса бермейді, көбінесе олардың көпшілігі жеке көзқарасты қажет етеді. Оқушылардың географиялық білімге деген жеке қызығушылықтарын дамыту, оларды өздігінен білім алуға дайындау, кәсіптік бағдар беруге және қоғамдық өмірге белсенді қатысуға ықпал ету – бұл мұғалімнің кез келген баланың алдына қоятын негізгі міндеттері. Бұл міндеттерді орындаудың бір жолы факультативтік сабақтар арқылы жүзеге асады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында білім беруге қатысты: «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескерсек, жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды барынша күшейту маңызды. Біздің күшіміз – жастардың білімінде», - деді [1]. Осы тұрғыда жаратылыстану ғылымдарының бірі – география пәнін тереңдетіп, оқушыларды қызықтырып оқытуда факультативті курс ұйымдастыру маңызды әрі қажетті болып табылады.

Факультативтік сабақтар – оқушылардың оқу пәндері бойынша білімдерін олардың қажеттіліктеріне, сұраныстарына, қабілеттері мен бейімділіктеріне сәйкес кеңейтуге, тереңдетуге және түзетуге, сондай-ақ танымдық белсенділігін, қызығушылығын арттыруға бағытталған оқу іс-әрекетін сабақтан тыс уақытта ұйымдастыру нысаны болып саналады.

Ақпараттық қоғамның дамуы жағдайында, мектептегі білім берудегі ғылымның, техниканың, технологияның заманауи жетістіктерін көрсетудің ең икемді түрі факультативті сабақтарды енгізу болып табылады. География пәнін тереңдетіп оқытын оқушылар география бойынша терең білімге ие, облыстық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары болады, сондай-ақ қиындықсыз университеттердің жаратылыстарну мамандықтарына түседі. Осы орайда факультативтік сабақтардың қосылуы көбінесе білімді терең игеруді анықтайды, оқушылардың жеке мүдделерін дамытуға ықпал етеді. Факультативтерді өткізудегі көпжылдық тәжірибе география пәні бойынша факультативтер жеткілікті, білікті жүргізілетін мектептерде оқушылардың тұрақты қызығушылығын тудырады, олардың білімі мен дағдыларының сапасын арттырады [2]. Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша, қазіргі уақытта, әсіресе мектеп географиясын оқытуда Геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) технологияларын қолдану маңыздылығы мен өзектілігін арттыруда, өйткені бұл әр оқушының жеке қасиеттерін ашуға ықпал етеді. ГАЖ-ды әзірлеу және пайдалану географияны, атап айтқанда, қазіргі заманғы есептеу техникасын қолдануға негізделген оның картографиялық компонентін зерттеудің жаңа кезеңі болып табылады. ГАЖ қолдану бірқатар функцияларды белсендіруге мүмкіндік береді: көрнекі-бейнелі, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық, насихаттау, сонымен қатар ГАЖ-мен жұмыс істеу кезінде дағдыларды қалыптастыру. Осылайша, көрнекі-бейнелі функция оқушыларға сенсорлық қабылдау құралдары бойынша географиялық көріністер шеңберін кеңейтуге және байытуға мүмкіндік береді, оқуды қолжетімді етеді, байқау, ойлау және танымдық қабілеттерін дамытады, оқу материалын тереңірек және берік игеруге көмектеседі [3].

География пәні факультативтері - оқушыға ғылымның жаңа салаларымен танысуға, зерттеу әдістерімен танысуға, сонымен бірге негізгі курстың жекелеген тақырыптары бойынша білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Факультативтік сабақтарда оқушылар жеке пәндерді меңгеру деңгейін жоғарылатады, сыныптан тыс жұмыстарда ізденуге ұмтылыс жасайды, соның нәтижесінде оқушыларда оқу пәніне тұрақты когнитивтік мотивация қалыптасады. Бұл курстардың білім беруде де маңызы зор, себебі факультативтік сабақтарда оқушылардың жалпы дамуына, олардың танымдық және әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасалады.

Мектептегі география пәнінен факультативтік сабақтардың мақсаты – оқушылардың білімдерін кеңейту және тереңдету болып табылады. География пәні факультативтері оқушыларға негізгі бағдарламаға кірмейтін қызықты тақырыптарды үйренуге және

географиялық процестер мен құбылыстарды тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл сабақтар арқылы оқушылар мүмкін болатын кәсіби салаларға қатысты пәндерді зерттеу арқылы болашақ мамандықтарын саналы түрде тандай алады. Факультативті курстарға қатысу - сыни ойлауды дамытуға, ақпаратты талдауға және ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

География пәні факультативтері оқушылардың географиялық сауаттылығын қалыптастыруға, сондай-ақ олардың ақпаратты талдау және салыстыру қабілетін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, география факультативтері оқушыларды осы ғылымды одан әрі зерттеуге және география пәнін кәсіби сала ретінде тандауға шабыттандыруы мүмкін. Мұндай сабақтар шығармашылық ойлауды, топта жұмыс істеу қабілетін дамытуға ықпал етеді. География пәнінен факультативтер оқушылардың білімін кеңейтуге, кәсіптік дағдыларын дамытуға, сондай-ақ географияны қызықты ғылым ретінде зерттеуге көмектеседі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы 1 қыркүйек күні жасаған кезекті жолдауында ауыл шаруашылығындағы мәселелерге тоқталып, дамыту жолдарын ұсынды. «Ауылды қайта жаңғыртып, ауыл шаруашылығын дамытуға көңіл бөлуіміз керек» деп, Үкіметтің алдына нақты міндет қойды [4]. Республикадағы негізгі өндірістік қорлардың тең жартысына жуығы ауыл шаруашылығы саласында шоғырланған. Қазақстанның табиғи және климаттық жағдайына байланысты ауыл шаруашылығының бірнеше бағыты жолға қойылған. Оның ішінде мал шаруашылығы, бау-бақша, егін шаруашылығы және балық шаруашылығы кеңінен дамыған. Жалпы өнімнің және ұлттық табыстың жартысы ауыл шаруашылығының еншісінде. Қазақстан аграрлы ел, жалпы жер көлемінің 80%-ға жуығы ауыл шаруашылығына қолайлы болып табылады. Ал оның 11%-ға жуығы егістікке арналған жерлер болып есептеледі. Қазақстан Республикасының 22,5823 мың гектар аумағы ауыл шаруашылық дақылдарын егуге арналған жер. Оның ішінде Түркістан облысы аумағында 847,9 мың гектар жер ауыл шаруашылығы егістіктеріне пайдаланылады. Темирбеков А.Т және Бахыт Д.Б зерттеулерінде айтылғандай, еліміз бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнімнің 13%-ы осы оңтүстік өңірге тиесілі. Түркістан облысы еліміздегі ауыл шаруашылығы дамыған аймақтың бірі және оның өнімдері республикамызды ғана емес, көрші мемлекеттерді де қамтамасыз етіп отыр. Сондай-ақ, агроқұрылымдардың 33%-ы Түркістан облысында шоғырланған. Дамыған ауыл шаруашылығы елге ауылшаруашылық өнімдерінің импортына тәуелділікті азайтуға көмектеседі, бұл экономика мен ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл сала елдің азық-түлік қауіпсіздігіне, жұмыспен қамтылуына, инфрақұрылымына және әлеуметтік дамуына әсер ету арқылы экономикада маңызды рөл атқарады [5]. Сондықтан бұл облыстың қазіргі ауыл шаруашылығын зерттеу - мектеп географиясында өте қызықты және маңызды мәселе.

Ауыл шаруашылығы географиясы бойынша факультативті курстарды ұйымдастыру сапалы оқытуды және оқушыларды оқу процесіне бағыттап, мұқият жоспарлауды қажет етеді. Бұл курс факультативті курстарды ұйымдастыру елімізде бірнеше себептерге байланысты шешуші болып табылады: мұндай курстар оқушыларға ауыл шаруашылығының маңыздылығын, оның негізгі принциптерін және ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттерін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы факультативтері оқушыларға ауыл шаруашылығында практикалық, кәсіптік дағдыларды дамытуға көмектеседі, бұл әсіресе мансабын осы саламен байланыстыруды жоспарлағандар үшін пайдалы болуы мүмкін. Ауыл шаруашылығы еліміздің экономикасында маңызды рөл атқарады және осы саладағы білім оқушыларға оның жаһандық жүйеге әсерін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Ауыл шаруашылығы географиясы атты факультативті курстардың экологиялық білімді кеңейту үшін де маңызды, курс экологиялық жауапкершілікті ойлауға ықпал етуі мүмкін, өйткені ауыл шаруашылығы қоршаған ортаға үлкен әсер етеді. Жалпы, ауыл шаруашылығы бойынша факультативті курстар білімнің осы маңызды саласын тереңірек түсінуге және оның ұстанымдарын күнделікті өмірге енгізуге ықпал етуі мүмкін.

Ауыл шаруашылығы географиясынан факультативті сабақтар оқушыларға ауыл шаруашылығы, агрономия, мал шаруашылығы, экологиялық егіншілік және ауыл шаруашылығының басқа аспектілері негіздерін үйрету арқылы білім беруде маңызды рөл атқара алады. Бұл сабақтар оқушыларды осы саладағы заманауи технологиялар мен инновациялармен таныстыруға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірушілерінің алдында тұрған мәселелерден хабардар етуге мүмкіндік береді, оқушылардың ауыл шаруашылығына деген қызығушылығын оятады.

М.Н. Малыштың зерттеуі бойынша ауыл экономикасында болып жатқан процестерді мемлекеттік реттеу, маркетингтік зерттеулерді дамыту, агроөнеркәсіптік кешенге ақпараттық жүйелер мен технологияларды енгізу маңызды болып саналады. Бұл оқу құралында «Ауыл шаруашылығы экономикасы», нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығы дамуының және агроөнеркәсіп кешенінің қалыптасуының негізгі заңдылықтары қарастырылған. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігінің тұжырымдамаларының, категорияларының және көрсеткіштерінің мәні көрсетілген. Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығының ресурстық әлеуетін пайдалану тиімділігін арттыру жолдары негізделді. Нарықтық қатынастарға көшу формаларына, меншік нысандары мен шаруашылық жүргізу әдістерінің алуан түрлілігі жағдайында шаруашылық механизмін жетілдіруге, сондай-ақ ауыл шаруашылығының материалдық өндірістің басқа салаларымен өзара әрекеттесуіне көп көңіл бөлінеді [6].

Қорытындылай келе, факультативтік курстар, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласы аясында факультативтік курстар өткізу өзекті әрі қызықты болып саналады. Ауыл шаруашылығы бойынша факультативтік курстарды ұйымдастыру білім берудің жалпы деңгейін арттыру және осы саладағы мамандарды даярлауда маңызды мәнге ие. Бұл курстар мектеп оқушыларына ауыл шаруашылық қызметі туралы білім алуға, ауыл шаруашылығына деген қызығушылықты дамытуға, сондай-ақ осы салада қажетті дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олар сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігі мен қоғамның тұрақты дамуы үшін ауыл шаруашылығының маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. 2022 жыл 1 қыркүйек.
2. Шарухо И.Н. «Методика преподавания географии» : В 5 ч. - Ч. 4. Урочная и внеурочная формы обучения географии : метод. Пособие. И.Н. Шарухо. - Могилев: МГУ им. А.А. Кулешова, 2007. С. 39-40 .
3. Гавшин А.Е. «Внедрение ГИС – технологий на уроках географии», Методическая разработка, Иркутск, 2019, С. 7-9.
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. 2023 жыл 1 қыркүйек.
5. Темирбеков А.Т, Бахыт Д.Б. «Түркістан облысы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін шаруашылықта тиімді пайдалану мәселелері» // Молодой ученый, Международный научный журнал, 2020, Б. 79-81 .
6. М.Н.Малыш, «Аграрная экономика», Издательство Лань, Санкт Петербург, 2002, С. 65-69.